

Аңшы куәлігін беру бойынша есептілік нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 25-03-02/122 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 сәуірде № 7513 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-03/404 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының 51-9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған аңшы куәлігін беру бойынша есептілік нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің төрағасы Е.Н. Нысанбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Мамытбеков*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы
№ 2 5 - 0 3 - 0 2 / 1 2 2 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген
Нысан

Аңшы куәлігін беру бойынша есептілік

р/с №	Аңшы куәлігі кімге берілді, тұлғалардың Т.А.Ә.	Тестілеу хаттамасы (күні, нөмірі)	Беру сертификаты (нөмірі, күні, қолдану мерзімі)
1	2	3	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК